

ҚАЗАҚСТАН БІЗДІ БІРІКТІРДІ:
шетел азаматтарына арналған филологиялық мамандықтар және жоғары оқу орнына
дейінгі дайындық кафедрасының шетелдік студенттерімен сұхбат

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ
ЧЖЭЦЯНЫҢ ЕКІ ШЕТ ТІЛІ ИНСТИТУТЫНЫҢ (ЮЕСЮ) АКАДЕМИЯЛЫҚ АЛМАСУ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРІ



Шен Цзе: Біз Алматыда тек 3 ай оқыдық, бірақ қысқа уақыт ішінде университет біз үшін туғанымыздай болып кетті. Абай атындағы ҚазҰПУ біз үшін тәтті арман. Университетті оның туған күнімен құттықтаймыз! Оқытушыларға денсаулық пен бақыт тілейміз!

Линь Чжоу: Уақыт бізді күтпейді. Семестр тез арада аяқталды. Мен мұнда көп тәжірибе алдым. Осы жерге келгеннен кейін мен тамақты қалай дайындауды үйрендім, Қытайда тіпті күрішті де дайындай алмайтынмын. Алматыға осындай сыйлық үшін рахмет!

Оқу барысында мен мұнда адамдардың мейірімді және қарапайым жүректі екеніне бірнеше рет көз жеткіздім. Мен үшін бұл жақсы сабақ.

Абай атындағы ҚазҰПУ-н мерейтойымен құттықтаймын! Оқытушылар мен студенттерге ғылыми, шығармашылық жетістіктер мен одан әрі гүлденіп дамуын тілеймін! Болашақта Алматыға қайта келуге мүмкіндігім болады деп үміттенемін!

Ли Цян: Мұнда біз әр түрлі маңызды іс-шараларға концерттерге қатысып: фестиваль, конференциялар, кездесулер өткіздік. Бұл ұмытылмас әсер! Мен шынымен Алматыны, ҚазҰПУ-ды жақсы көремін!

Шэнь Цзяинь: Мен осында оқуға мүмкіндік алғанымға өте қуаныштымын. Мұнда мен тек оқып қана қоймай, көптеген қызықты әдемі орындарды да көрдім. Оқытушылар өте мейірімді және мұқият. Олар бізге конференциялар мен фестивальдерде сөйлеуге көмектесті. Рахмет, ҚазҰПУ!

Оуанг Циншуанг: Біз Қазақстандағы Абай атындағы ҚазҰПУ-не келу мүмкіндігіне ие болғанымызға өте қуаныштымыз. Оқытушыларға тек оқуға ғана емес, өмірден де көп нәрсені үйреткендері үшін алғысымызды білдіреміз. Келесі кездесуді асыға күтеміз! Барлығы керемет болады!

Чжан Юфен: Мен Абай атындағы ҚазҰПУ-де, тіпті бір семестр болса да оқығанымға өте қуаныштымын. Бұл университетте мен бірінші рет конференцияда сөйледім. Бұл мендегі батылдықты, өзіме - өзімнің қарсы тұра алатындығымды білдіреді. Үш ай бойы біздің орыс тілді игеруіміз әлдеқайда жақсы болды, әсіресе ауызша сөйлеуіміз. Университетке және оқытушыларға рахмет!

Сунь Даньпин: Біз ҚазҰПУ-да қысқа уақыт болғанымызға қарамастан, мен көп нәрсені үйрендім. Біз орыс тілін білу қабілетін жақсарттық және сенімді болдық.

Фестивальде біз мақтау мен қошеметке ие болдық. Университетке осындай мүмкіндіктерді бергені үшін өте ризамын. Сондай-ақ оқытушыларға өздерінің білімдері мен жақсы сабақтары үшін алғыс айтамын. Биылғы жылы университетке 90 жыл толды. Абай атындағы ҚазҰПУ – ды мерейтоймен құттықтаймын! Университетке биік белестерді және оқытушыларға аса белсенді білім алушылардың тәрбиеленуін тілеймін!

ХУСЕЙНОВ СИДИК (Тәжікiстан)

Мен Тәжікстаннан келдім. Мен парсы тілінің ұстазымын. Мұнда екінші жоғары білім алып жатырмын. Мен бақыттымын: үлкен халықаралық топта оқимын. Біз, студенттер, бір-бірімізді құрметтеп, достығымызды бағалаймыз. Біз үшін Қазақстан үлгі болып табылады: бұл жүз елуден астам адам бейбітшілік пен келісімде өмір сүретін үлкен мемлекет. Мен Абай университетін таңдадым, себебі ол Қазақстандағы алғашқы және танымал университет. Менің ойымша, дұрыс таңдау жасадым. Университетті мерейтойымен құттықтаймын!



ХВАНГ ЁНГ КВАНГ (Оңт.Корея)



Мен 2 курс студентімін. Біздің кафедрада әртүрлі ұлт өкілдері оқып жатыр, және Қазақстан бәрімізді біріктірді. Қазақстан - керемет ел. Бір адам және көптеген ұлттар. Бір ел мен екі астана - солтүстік Астана және оңтүстік Алматы. Алматы - өте қызықты қала. Мұнда ауа райы құбылмалы, қыздар сияқты: ол жылдам өзгереді. Мұнда барлық машиналар такси ретінде жұмыс істей алады. Ал Алматы тұрғындары! Олар өте мейірімді және ашық! Қазақстан халқына қонақжайлылығы үшін алғыс айтамыз!

НГУЕН ТХАНЬ ЧУНГ (Вьетнам)

Менің атым - Нгуен Танх Чунг. Мен 2 курс магистрантымын. Мен Қазақстанға үш жыл бұрын келді. Алғашында мен ҚазҰПУ-ға академиялық алмасу бағдарламасы бойынша бір семестрге келдім, Қазақстан маған ұнады, сол себептен мен осында оқуды жалғастырып, бакалавриатты бітіріп, магистратураға түстім. Біз, шетелдіктерге, тек білім ғана емес, сонымен бірге басқа елде және басқа мәдениетте өмір сүру үлкен тәжірибе. Қазақстанда көптеген мәдениеттер бар, бірақ ешқайсысы өз құндылығын жоғалтпаған. Бұл құрметке лайық!



ТАН ЧАО (Қытай) Мен Қытайдан келдім. Мен 4 курс студентімін, биыл мен оқуымды аяқтаймын. Мен Қазақстанның алғаш ашылған университетінде оқып жүргеніме өте қуаныштымын.

Неліктен «орыс тілі» мамандығын таңдадым? Себебі орыс тілін алғаш рет естігенде, мен бұл музыкалық тілді білетін боламын деп шештім. Менің арнамым Қазақстанның ең ежелгі университетінде орындалды. Биыл біздің университет 90 жылдығын атап өтеді. Университетті мерейтойымен құттықтаймын және сіздерге гүлдену мен биік белестерді тілеймін!

ОНГТАНГКО АЛЕЛИ ГАЛАГНАРА (Филиппин)

Менің атым Ай, мен филиппиндықпын. Мен Қазақстанға жалғыз емес, отбасыммен келдім: күйеуім мен ұлым. Ұлым 2 жаста. Күйеуім екеумуз Torfl курсында оқып, орыс тілін үйреніп жүрміз. Алдымен біз үшін қиын болды, бірақ қазір орыс тілі біздің өміріміздің бір бөлігіне айналды. Қазақстанда әр түрлі ұлттардың қалай өмір сүріп, қалай бір-бірін құрметтейтінін көрдік. Бұл біз үшін тамаша өмір мектебі. Осындай керемет сабақ үшін Қазақстанға рахмет!



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ САНЬЯ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ (ҚЫТАЙ) АКАДЕМИЯЛЫҚ АЛМАСУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕР



И Синьцин, Чэнь Синьсинь, Хуан Чэньси, Ши Дин, Юй Ли

Жақында біз осы әдемі елден кететіндіктен, көңілсіз сезінудеміз ...

Оқытушылар өте белсенді, біз орыс тілін жақсы меңгере бастадық. Оқытушылар біздің жаңа ортаға бейімделуіміз үшін бізбен бірге көп уақыт өткізді. Біз бірінші рет Жаңа жылымызды отбасымыздан алшақта өткіздік. Оқытушыларға қолдау, түсіністік пен көмек үшін алғыс айтамыз!

Кафедраға бізге экзотикалық әлемді сезінуге мүмкіндік беріп, орыс тілін және оның тарихын жақсырақ түсіну үшін орыс тілін үйренуге мүмкіндік бергені үшін рахмет айтамыз.

Қазақстанда біз тілдік ортада болдық. Бұл біздің орыс тілімізді жақсарту үшін тамаша мүмкіндік. Біз өте белсенді болып, тілді терең меңгеруге тырыстық, өйткені, бұл тіл үлкен әлем есігін аша алады.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін 90 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз! Университетке үлкен жетістік тілейміз!

Студенттермен сұхбат жүргізген профессор С.Б. Бегалиева, профессор Б.С. Балгазина